

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
ТАРБАҒАТАЙ АУДАНЫ  
БОЙЫНША БІЛІМ  
БӨЛІМІНІҢ  
«АҚМЕКТЕП ОРТА МЕКТЕБІ»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА  
АКМЕКТЕП»  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ПО ТАРБАГАТАЙСКОМУ РАЙОНУ  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ  
ОБЛАСТИ

## БҰЙРЫҚ

05.01.2024 ж

Акмектеп ауылы

## ПРИКАЗ

№ 05

село Акмектеп

### Өзін-өзі бағалау және өткізу жұмысының комиссия мүшелерін тағайындау туралы

Шығыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының 08.11.2023 жылғы тізімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ШҚО білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақмектеп орта мектебі» КММ-нің 2024 жылғы 5 қаңтардағы №3 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде өзін—өзі бағалау және өткізу жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі құрамда комиссия құрылсын.

1. Б.Амиргазин-мектеп директоры, комиссия төрағасы;

2. А.Шагыраева-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, төраға орынбасары;

3. Р.Акиева-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

4. М.Темирбеков-информатика мұғалімі, комиссия мүшесі;

5. А.Бұршақбаева-политехникалық пән бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі;

6. Ә.Машкенева- комиссия хатшысы.

2. Өзін-өзі бағалау және өткізу жұмысын ұйымдастыру жоспары жасалып, бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау басшылық жасау өзіме қалдырылсын.

Директор



000006

Б.Амиргазин

### Хаттама №3

ШҚО білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақмектеп орта мектебі» КММ-де 2024 жылғы 5 қаңтарда педагогикалық кеңес болып өтті.

Күні: 5.01.2024 ж

Қатысуы тиіс: 23

Қатысқаны: 23

Күн тәртібінде:

1. Мектептің өзін – өзі аттестаттаудан өткізуіне дайындық туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Б.Амиргазин «Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету» РММ-нің «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 12 желтоқсандағы №12 бұйрығымен «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстырып, мектепті өзін-өзі бағалау бойынша комиссия құрылуы керектігін айтты. №486 бұйрықта берілген пункттер бойынша құжаттарды электронды түрде жіберілетіндігі оның ішінде нормативтік—құқықтық құжаттар, 3 жылғы оқу-тәрбие жоспарлары, оқушылардың пән бойынша, шығармашылық, спорттық байқаулар, жарыстар нәтижесі, ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың ерекшеліктердің ескере отырып оқыту, таңдау курстарының іске асуы, «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» және «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курстарының іске асуы туралы, мектепке дейінгі тәрбие бойынша құжаттарды сараптап жіберу керектігін айтып өтті. Сонымен қатар, НОБД базасындағы барлық мәліметтердің дұрыстығын қайта қарап шығуымыз қажеттілігін ескертті.

Жарыс сөз:

А.Исова- бастауыш сынып мұғалімі: Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарымен таныстым. Ең алдымен 4,9 –сынып оқушылары тесттен өтсе деп ойлаймын. Сыныбым бойынша тест тапсыруға дайындаймын. Комиссия құрамына А.Шағыраеваны ұсынамын. Оқу саласы бойынша талдамаларды ұсынады. Мектепті өзін-өзі бағалау жұмысын талапқа сай өткізуде өз жұмысын білетін маман.



Т.Сарсембекова – биология пәнінің мұғалімі. №486 бұйрықпен таныстым. Комиссияға Р.Акиеваны ұсынамын. Тәрбие саласындағы құжаттарды тиянақты сараптау үшін жетекшілік жасай алады.

3.Садуакасова-кітапханашы: Жоғарыда аталып өтілген бұйрықтармен таныстым 3 жылдық кітапхана қоры туралы құжаттарды ұсынамын. Комиссия құрамына А.Бұршақбаеваны ұсынамын. Оқу саласы бойынша талдамаларды ұсынуға көмектеседі деп ойлаймын.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе педогогикалық кеңес төмендегідей шешім етті:

#### Шешім:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау бойынша төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

1. Б.Амиргазин-мектеп директоры, комиссия төрағасы.
2. А.Шагыраева-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, төраға орынбасары.
3. Р.Акиева-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.
4. М.Темирбеков-информатика мұғалімі, комиссия мүшесі.
5. А.Бұршақбаева-политехникалық пән бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі.

2. Өзін-өзі бағалау және өткізу жұмысын ұйымдастыру жоспары жасалып, бекітілсін.

3. Осы қаулы негізінде бұйрық шығару мектеп директорынан сұралсын.

Кеңес төрағасы

Хатшы



Б.Амиргазин

А.Абдельденова